**Бекітемін:**
**Құлсары қаласы КМҚК «Жауқазын»**
**бөбекжай- бақшасының меңгерушісі:**
**_____________ Уразова М.Н.**
**«_01_» _қараша__ 2022жыл.**

**Келісемін:**
**Құлсары қаласы КМҚК «Жауқазын»**
**бөбекжай- бақшасының әдіскері:**
**_____________ Шамганова С.О.**
**«_01._» _қараша__ 2022жыл.**

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 -2023 музыкадан ортаңғы тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

**Ортаңғы топ: «Күншуақ»**

**Музыка жетекшісі: Тлеукулова А. Ж.**

**Құлсары қаласы.**

**2022-2023 оқу жылы.**

**«Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Жауқазын» бөбекжай бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылындатәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы.**

**Түсінік хат**

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес іске асырылады. (ҚР БҒМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы). Ұйымдастырылған іс-әрекет «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) арқылы жүзеге асырылады. Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

**Тәрбиелеу – білім беру процесі:**

-Перспективалық жоспарға.

–Циклограммаға.

–Бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ҚР БҒМ 2012 жылғы 20-желтоқсандағы № 557бұйрығына өзгертулер енгізуіне байланысты, ҚР БҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығының1, 2, 3 қосымшалары ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыруға қолданылады.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады.

**Ортаңғы топ** – 3 жастағы балалар.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі:**

| № | Білім беру саласы | Шығармашылық | Музыка | Апталық жүктеме |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ортаңғы топ балалары үшін (3 жас) | | | 1 сағат |
| 2 | Ұйымдастырылған оқу іс-қызметінің ұзақтығы | | | 15-20 минут |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2022 – 2023 оқу жылына арналған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**
**Қыркүйек айы. 2022 жыл. Ортаңғы топ «Күншуақ» 15-20 мин.**

**Білім беру ұйымы:** КМҚК «Жауқазын» бөбекжай бақшасы.
**Жоспардың құрылу кезеңі: (айды, жылды көрсету)** Қыркүйек айы. 2022-2023 оқу жылы.
**Балалардың жасы:** 3 жас.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері: |
|---|---|
| **Қыркүйек** | **Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Музыка тыңдау:**<br>1)түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>2)түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;<br>3)пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады;<br>4)балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады<br>5)ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.<br>**Ән айту:**<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру<br>2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау;<br>3) әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау;<br>4) жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау<br>5) сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату |
| **Қазан** | **Музыка тыңдау.**<br>1) Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.<br>2) Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.<br>**Ән айту:**<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салу, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>1) Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.<br>2) Ойындарға, хор айтуға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу |
| **Қараша** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. |

| | |
|---|---|
| | Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |
| **Желтоқсан** | **Музыка тыңдау**<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>**Балалармузыкалықаспаптарындаойнау.**<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Қаңтар** | **Музыка тыңдау.**<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.<br>**Ән айту**.<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |
| **Ақпан** | **Музыка тыңдау.**<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. |

| | |
|---|---|
| | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |
| **Наурыз** | **Музыка тыңдау.**<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Сәуір** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету.<br>Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.<br>Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді);<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Мамыр** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету.Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді);<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен,сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>Өткенді қайталау. |